

№2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасының қамқоршылық кеңес отырысының №3 хаттамасынан көшірме

Алға қаласы

30.03.2026 жыл

Өткізілетін орны: №2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасы

Қатысушылар: саны- 7 адам. Балабақша меңгерушісі, қамқоршылық кеңес төрағасы, кеңес мүшелері.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Балабақша тәрбиеленушілерінің өмір қауіпсіздігін сақтау.
2. Материалдық жағдайымен танысу. МДҰ-ның материалдық техникалық базасын нығайту мәселелері.
3. Тәрбиеленушілерге берілетін тағам сапасына мониторинг жүргізу.
4. Көктемгі абаттандыру жұмыстары.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы О.Альмуратова, қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты балабақша тәрбиеленушілердің қауіпсіз ортада тәрбиеленуі, білім беру мен тәрбиелеу қызметінің сапасын арттыру. Сондықтан ең алдымен балалардың қауіпсіздігі басты назарда болу керек. Балабақша тәрбиеленушілеріне қолайлы жағдайлар мен қауіпсіз орта құру, адамдар жаппай жиналатын жерлерде балаларды бақылау және қадағалау мүмкіндігін жасау мақсатында мекемеде барлығы 24 бейнебақылау жүйесі іске қосылған. Оның 16 ішкі бақылау камералары, 8-і сыртқы бақылау камералары. Барлық бейнебақылау камералары бюджет есебінен қондырылған. Алайда, бейнекамералардың барлығы аналогты көне маркалы, дыбысы жоқ, бірыңғай талаптарға сәйкес келмейді. Талаптарына сәйкес келетін бейнебақылау камераларын алу үшін Алға аудандық білім бөлімінен қосымша қаржы қарастыруына сұраныс хат жіберу қажет деп атап кетті. Балабақша тәрбиеленушілерінің өмір қауіпсіздігін сақтау жалғыз балабақша қызметкерлері емес, ата-аналардың да ең басты міндеттерінің бірі. Бұл бағытта кешенді жұмыс жүргізілуі қажет. Балабақша аумағы қоршалған, таза және қауіпсіз болуы, ойын алаңындағы құралдар (сырғанақ, әткеншек) берік әрі жарақатсыз қолдануға жарамды болуы, топ бөлмелерінде өткір, қауіпті заттар болмауы, электр құралдары балалардың қолы жетпейтін жерде орналасуы қажет. Комиссия мүшелері балабақша медбикесі А.Амангелдіқызынан балалардың күн тәртібі (ұйқы, тамақтану, серуен) дұрыс ұйымдастырылуы мен жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру, ауру белгілері бар балаларды уақытында анықтау және оқшаулау және де медициналық бақылаудың уақытыл жүргізілуі тіралы мәліметтер сұралды. Шаруашылық меңгерушісі А.Молдағалиевна өрт кезінде эвакуация жоспары жасалып, 2025 жылыдың қараша айында Төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлерінің оқыту сабақтарын өткізгенін хабарлады. Мекемеде өрт сөндіру құралдары толық қамтамасыз етілгендігін, электр және газ құралдарын дұрыс пайдалану туралы ережемен қызметкерлердің барлығы танысқандығы туралы атап кетті.

Балабақша меңгерушісі Балзия Бисенбайқызы қамқоршылық кеңес мүшелеріне балабақшаның материалдық жағдайымен таныстырды. Ғимарат толығымен күрделі жөндеуді қажет етеді.

2024 жылы ТОО «Технадзор групп» ұйымымен жасалған шарт негізінде №81 техникалық қорытынды берілді.

2025 жылы 1 606 551 тенге 84 тиынға ТОО «NED GROUP» ұйымының жобалық-сметалық құжаттамасы №080640003258/250054/00 (45) нөмірімен дайындалды.

2025 жылы 1 460 501 тенге 28 тиынға оң көрсеткішпен мемлекеттік сараптамалық қорытындысы алынды. Алайда, мемлекеттік сараптама қорытындысының мерзімі ағымдағы жылдың мамыр айының 29 күні аяқталады.

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2025 жылғы 13 қазандағы №513 «ІТ балабақша» облыстық пилоттық жобасын масштабтау туралы бұйрығын негізінде балабақшада 500 мың теңге көлемінде STEAM зертхана кабинеті мен медиа студия орталығы жасақталды. Ата-аналардың тарапынан да демеушілік көмекпен балаларға арналған дамытушы ортасын толықтыру мақсатында түрлі ойыншықтар 200 мың теңге көлемінде сатып алынған.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе балаларға берілетін тағам сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы. Балабақшада арнайы тағам сапасын бақылау үшін оқу жылы басында бракераж комиссиясы құрамы мен жоспары құрылып бекітілген. Тағам сапасына қауіпсіз тамақтандыруды қамтамасыз етудің маңызды санитарлық талаптарының бірі дайын тағамның тәуліктік сынамасын алу және оны белгіленген тәртіпте сақтау. Тәуліктік сынама тағамнан улану немесе басқа да жағымсыз жағдайлар туындаған кезде санитарлық-эпидемиологиялық тексеру жүргізуге мүмкіндік береді. Сондықтан сынаманың уақытында алынып, тоңазытқышта 48 сағат сақталуын қадағалау ерекше маңызға ие. Дайын тағамның тәуліктік сынамасы тағам қауіпсіздігін бақылау, санитарлық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, улану жағдайларының алдын алу, қажет болған жағдайда зертханалық тексеру жүргізу мақсатында алынады. Тағамның сапасына ас мәзірі бекітілген нормаларға сәйкес құрастырылып, тағамдар жаңа, сапалы өнімдермен дайындалады. Дайын тағамдардың дәмі, иісі, сыртқы түрі талапқа сай. Тағам құрамында дәрумендер мен қоректік заттар жеткілікті. Асхана мен азық-түлік сақтайтын орындар таза және талапқа сай. Тағам дайындайтын қызметкерлер санитарлық нормаларды сақтайды. Өнімдердің сақтау мерзімі мен жағдайы қатаң бақылауда. Ыдыс-аяқтар талапқа сай өңделеді. Асхана қызметкерлерімен ережелер таныстырылып, ай сайын өткізіліп отырған, хаттамалы тігілген. Күнделікті мәзір жоспарға сәйкес құрылғаны байқалды. Тағам түрлері әртүрлі, балалардың жас ерекшелігіне сай. Көкөніс, жеміс-жидек, сүт өнімдері жеткілікті мөлшерде тәртіп бойынша беріліп келеді. Алдағы кездерде дәрумендерге бай тағамдарды көбейту немесе салат түрлерін жаңалау керектігі медбикеге ескертілді. Балабақшада берілетін тағам сапасы қанағаттанарлық деңгейде. Санитарлық талаптар сақталған, тағам құнарлы және балалардың жас ерекшелігіне сай. Алайда кейбір кемшіліктерді жою арқылы тамақтану сапасын одан әрі жақсартуға болады.

Көктемдегі абаттандыру мәселесіне келетін болсақ, балабақша меңгерушісі Балзия Бисенбайқызы жұмысшы, шаруашылық меңгеруші балалардың ойын алаңдарын алдын ала тексеріс жүргізіп, керекті құрал саймандарға тапсырыс берген. Ойын алаңдарын жасақтау, ғимаратты әрлеу, сырлау, кепкен ағаш діндерін кесу жұмыстарын тапсырған. Алдағы сәуір айында балаларға футбол алаңы мен лабиринт жасау жоспарлаған.

**ШЕШІМ:**

1. Тәрбиеленушілердің қауіпсізді басты назарда болсын;
2. Балабақшаның материалдық-техникалық жағдайы талапқа сай жабдықтау үшін аудан әкімдіктеріне сұраныс хат жазу тапсырылсын;
3. Тағам сапасын басты назарда үнемі ұстау;
4. Көктемгі абаттандыру жұмыстары жалғастырылсын;

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  
Кеңес хатшысы:



О.Алмуратова  
Н.Уразгалиева